

Облыстық меншіктегі акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің дивидендтерінің көлемін белгілеу туралы

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 5 қазандағы № 298 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 қазанда № 3401 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 2 тармағына және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 186-бабына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының ә к і м д і г і

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Облыстық коммуналдық меншіктегі акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің дивидендтерінің көлемі кемінде таза табысынан 50 (елу) п а й ы з б о л ы п б е л г і л е н с і н .

2. «Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық –құқықтық жүйесінде ресми ж а р и я л а н у ы н ;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет – ресурсына орналастыруын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен с о ң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Ә. Садырға жүктелсін.

Облыс әкімі

Б.Атамқұлов

*Д . С а т ы б а л д ы
Б . Ж ы л қ ы ш и е в
Е . А й т а х а н о в
С . Қ а н ы б е к о в
Е . С а д ы р
С . Т ұ я қ б а е в*

А.Абдуллаев

